

**Қаратау құрылыс-техникалық колледжінен
құрылған қамқоршылық кеңес отырысының**

Хаттамасы

30.12.2020 ж.

Қаратау қаласы

Қатысқандар :

Омаров Құдиярбек Кеңесбекұлы - «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК директоры, қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қартабаев Ғалым Тамабекұлы - «Нұр Отан» партиясы Талас аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Оңалбаев Шарипбек - «Игілік» көп салалы кәсіпорнының құрылыс бөлімінің орынбасары, Тоқмырзаев Ғалымжан Есенәліұлы -Талас ауданы әкім аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Дүйсебеков Сабит Абдумажитович -Талас аудандық электр желісінің басшысы, Еримбетова Динара - ата-аналар комитетінің төрайымы, Жолдасов Қабыл Бекбосынұлы -«Талас жолдары» ЖШС басшысы, Төлебаев Аркабек- Талас ауданының маслихат хатшысы.

Шақырылғандар :

Колледж директоры Д.Маселбеков, директордың оқу өндірісі жөніндегі орынбасары А.Ильясов, директордың ақпараттық технологиялар ісі жөніндегі орынбасары Н. Асанова, колледж инспекторы Ж. Көпжасаров.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлап, кеңес мүшелерімен таныстыру.
2. 2020-2021 оқу жылында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуы. Аз қамтылған отбасы балаларының компьютерлік техникалармен қамтылуы.
3. Колледж инспекторының жұмысын тыңдау
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды :

1.Бірінші мәселе бойынша 2020 жылы шыққан бұйрық негізінде қамқоршылық кеңестің жаңа мүшелерімен таныстырды. Таныстыру жұмыстары аяқталғаннан кейін кеңес мүшесі, колледж түлегі Х. Жолдасов кеңес төрағалығына «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК директоры Омаров Құдиярбек Кеңесбекұлын ұсынды. Кеңес мүшелері бұл ұсынысты бір ауыздан қолдап, кеңес төрағалығына Омаров Құдиярбек Кеңесбекұлы сайланды.

Екінші мәселе бойынша Н. Асанова сөз алды: - 2020-2021 оқу жылында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша қабылданған іс-шаралардың орындалуы. Аз қамтылған отбасы балаларының компьютерлік техникалармен қамтылуы жөнінде Н. Асанова баяндап өтті.

2020-2021 оқу жылына компьютерлік техникамен жабдықталуы бойынша колледждің оқу процесінде 117 компьютер және 20 ноутбук, 30 планшет қолданылады. Соның ішінде 79 компьютер интернетке қосылған, сонымен қатар wi-fi желісі жұмыс істейді. Интернет жылдамдығы 40 мбит/с.

Колледжде барлық оқытушылар мен студенттер компьютер, ноутбук, смартфондармен қамтамасыз етілген. Колледж тарапынан 4 студентке 4 планшет қолдануға берілген.

Қашықтықтан оқыту zhambyltypo.kz порталы арқылы жүзеге асады. Қазіргі таңда контингент - 377 студент. Оқытушылар саны - 40. Порталда күнделікті сабаққа қатысу, үй тапсырмасын орындау, баға қорына мониторинг жасалып отырады. Қазіргі таңда сабаққа қатысу орташа есеппен 90-96% құрайды. Оқытушылар сабақ жүргізуге zhambyltypo.kz порталына қосымша ретінде ZOOM, Whatsapp желілерін қолданды және колледждің youtube каналына видеосабақтар жүктеліп отырады.

2. Үшінші мәселе бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу бөлімінің меңгерушісі Г. Ибраимов сөз алды.

Колледжішілік профилактикалық есепте 40 жасөспірім (10,45%) тіркеуде. Оның ішінде 327 білімгер колледждегі еріктілер қозғалысының мүшесі. Сонымен қатар, 35 жасөспірім аудандық волонтерлар қозғалысына тұрақты түрде ат салысады.

4. Жайсыз отбасы ретінде тіркеуге алынған отбасылармен жұмыс

- Жамбыл облысы Полиция Департаментінің мәліметіне сәйкес, жайсыз отбасы тізімінде колледждің II-курс студенті Олейник Анжела Владимировна (24.04.2004ж.т.) және кәмелетке толмаған балаларына байланысты өзінің тәрбиелеу мен білім беру міндетін орындамаған ата-аналар тізімінде студенттің анасы Олейник Оксана Сергеевна (15.01.1977ж.т.) және әкесі Гаевский Владимир Владимирович (02.06.1968ж.т.) бар. Аталған тұлғалармен жүргізілген жұмыстар төменде көрсетілді, сонымен қатар 2020жылдың 2 желтоқсанындағы шығыс №773 хатпен бұл жөнінде кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға ақпарат жолданған.

Студенттің аты-жөні, туылған жылы	жүргізілген профилактикалық жұмыстар	ескерту
Олейник Анжела Владимировна, 24.04.2004ж.т. II-курс.	Оқу жылының басынан бүгінгі күнге дейін негізсіз себептермен 290 сағ сабақтан қалған. Колледж қызметкерлері және инспекторы тарапынан тұрақты қадағалау жүргізуде. Беймезгіл уақытта мақсатсыз көшеде жүруге бейім. Анасын тыңдамайды. Олейник Оксана Сергеевна, жалғыз басты ана, ТАОЕ «Употребл. алкоголя, синдром зависимости» диагнозы б-ша наркологиялық есебінде тұр. Колледж тарапынан О.Олейникті жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркеу әрекеттері жүргізілді. Алайда, аталған тұлғаның жауапсыздығы нәтижесінде аяқсыз қалды. Студенттің анасы О.Олейник пен әкесі В.Гаевский арасында заңды неке жоқ. Соңғы аталған тұлға да спирттік ішімдіктерді тұрақты, әрі зиянкесті тұтынады. Олейник Анжела 19.11.2019 ж. колледж директорының №258 бұйрығымен колледжішілік тіркеуге алынып, тәлімгер тағайындалған. Тәлімгері тарапынан үздіксіз жұмыстар жүргізілуде. Жазғы каникул кезеңінде бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Жасыл ел» бағдарламасына енгізілген. Алайда, студент бағдарлама бойынша жұмысқа барудан жалтарды. Қазіргі таңда Б.Момышұлы 4үй 3 пәтерде нағашы	Талас ауданы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқығын қорғау комиссиясының қаулысымен (№22, 14.11.2019ж) жөніндегі жайсыз отбасы деп танылған. Анасы Т.Олейниктің зейнетақысынан басқа отбасының тұрақты табысы жоқ,

- 31.08.2020 ж колледжінің мобильдік тобы құрамында құқықтық бөлім меңгерушісі Ғ.Ибраимов, Талас АПБ ЖПҚБ ЮПТ инспекторлары полиция капитандары А.Нұрбергенова мен Ж.Көпжасаров (колледж инспекторы) кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және жаңа оқу жылына дайындығын зерделеу мақсатында жасөспірімдердің мекен-жайы бойынша ата-аналармен (қамқоршыларымен) түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында жекелеген студенттердің мінез-құлқына мониторинг жүргізу көзделгендіктен, олардың көршілері де қамтылды. Аталған әрекеттер кезінде карантиндік шектеулер талаптары толық сақталды

-11.11.2020 жылы, онлайн форматта, Талас аудандық орталық ауруханасының нарколог-психиатры Т.Жаңабайдың, алдын алу бөлімінің бас маманы З.Оңалбекованың және Жамбыл облысы ІІД Талас және Сарысу ауданаралық есірткіге қарсы күрес бөлімінің бастығы полиция капитаны Д.Бектеміровтың қатысуымен «Есірткісіз болашақ» атты тақырыпта кездесу өткізілді. Аталған іс-шараға студенттің қамқоршысы Н.Панченкоға қатысқан. Іс-шара «TALAS TYNYSY» газетінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №88 (10267) жарық көрген.

-Талас ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау комиссиясының және Талас АПБ ЖПҚБ ЮПТ инспекциясы қызметкерлерінің қатысуымен тұрақты түрде түнгі уақытта «Түнгі қаладағы балалар» жобасы аясында Қаратау қаласының түнгі ойын-сауық мекемелері мен қоғамдық орындарда (шағын аудандар мен алаңдарда) тұрақты түрде рейд жұмыстары жүргізілуде (суреттері қосымша 1). Рейд жұмыстарының жүргізілуі барысы туралы тұрақты түрде колледждің әлеуметтік парақшаларында (facebook, instagram) жариялануда.

Әртүрлі мәселелер бойынша: желтоқсан 2020 жылы шыққан бұйрық негізінде қамқоршылық кеңестің жаңа мүшелерімен таныстырды. Таныстыру жұмыстары аяқталғаннан кейін колледждің өзін-өзі басқару комитетінің төрайымы М. Айдарбекованың басқа қалаға көшуіне байланысты ата-аналар комитетінің мүшесі Г. Каулаукулованы кеңес мүшесі, кеңес төрағалығына «Казфосфат» ЖШС, «Шолақтау» ТКӨК директоры Қ.К. Омаровты ұсынды. Кеңес мүшелері бұл ұсынысты бір ауыздан қолдап, кеңес төрағалығына Қ.К. Омаров сайланды.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандардың және сөз алғандарды тыңдап, ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2020-2021 оқу жылдарына арналған колледждің қамқоршылық кеңесі өз жұмысын жалғастырсын.
2. Қамқоршылық кеңес төрағалығына Қ.К. Омаров тағайындалсын.
3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша нақты жұмыстар жүргізілсін.

Төрағалық етуші :
Хатшы :



Қ.К. Омаров
Г. Есхожаева